ЖАҢА 2015 ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ

80 жыл!

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 43 (1553)
30 желтоқсан
2014 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz



Құрметті Ғалымқайыр Мұтанұлы!

Жаңа 2015 жылмен құттықтауымды және Сізге, туған-туыстарыңыз бен жақындарыңызға зор денсаулық, табыстар мен құт-береке тілеген ізгі ниетімді қабыл алыңыз.

Нұрсұлтан Назарбаев

**Ғалым МҰТАНОВ,**
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры

**ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ОҚЫТУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕР! БАРШАҢЫЗДЫ КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖАҢА 2015 ЖЫЛМЕН ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!**

*Еліміздің жетекші университеті — әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген 2014 жыл айтулы оқиғалар мен жарқын сәттерге толы болды. Қасиетті Жылқы жылы тарихи күнтізбемізде мерейтойлық сән-салтанатымен ерекшеленгені сөзсіз. Бұл жылдың шымылдығы ұлы ойшыл әл-Фараби бабамыздың өнегелі қала ұғымын негіз ететін «Al-farabi university smart city» ғылыми-инновациялық жобасымен ашылды. Қаңтар айында ҚазҰУ-ға БҰҰ-ның тұрақты даму бойынша «Академиялық ықпал» бағдарламасының жаһандық хабын басқару сеніп тапсырылды.*

*Кәсіби білімі мен білігі ұжымдық мәдениетімен үндескен ұжымның биыл бағындырған белестері мен жетістіктері жоғары. ҚазҰУ жылдан-жылға әлемдік білім беру кеңістігіндегі өз мәртебесін арттырып келеді. Бүгінде әлемнің ең үздік жоғары оқу орындары рейтингісінде ҚазҰУ ғана қол жеткізіп отырған жетістіктер қасиетті қара шаңырақтың отандық білім беру саласындағы бірегей орнын айқындап берді.*

*ҚазҰУ-ға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың келуі жылдың басты оқиғасына айналды. Мемлекет басшысы ұжым жұмысына жоғары баға берді. Бұл біздің университетіміздің үлкен жетістігі деп есептеймін.*

*Күнтізбелік жыл санау бойынша келіп жеткен жаңа жыл қарсаңында өткенге көз тастасақ, университет ұжымы атқарған ауқымды жұмысты көреміз. Ұжымның жоғары кәсіби деңгейі, ауызбірлігі мен ұйымшылдығы, аянбай еңбек етуі арқасында университет қарыштай дамып, алға жылжып келеді.*

*Қадірменді ҚазҰУ ұжымы! Енді қол жеткен жетістіктерді бекіте түсіп, ҚазҰУ-дың халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолында тынбай еңбек ету аса маңызды. Келер жыл бәріміз үшін жаңа жетістіктер мен сенімді жеңістер жылы болсын! Жаңа жылда баршаңыздың отбасыларыңызға амандық-саулық, мол табыс, ырыс-несібе тілеймін! Қой жылы әрбір шаңыраққа татулық-бірлігімен, бақ-берекесімен енгей!*

# ЮБИЛЕЙНЫЙ ГОД КАЗНУ:
## яркие мгновения

*СОВСЕМ СКОРО НОВЫЙ 2015 ГОД ВСТУПИТ В СВОИ ПРАВА. ПРОВОЖАЯ УХОДЯЩИЙ ЮБИЛЕЙНЫЙ ГОД, МЫ ВСПОМИНАЕМ ЕГО СВЕТЛЫЕ И ПРИЯТНЫЕ МГНОВЕНИЯ, ДОБРЫЕ ДЕЛА, УСПЕХИ И ДОСТИЖЕНИЯ. ОН ЗАПОМНИЛСЯ НАМ ГОДОМ ЯРКИХ СОБЫТИЙ И ПРИЯТНЫХ ВПЕЧАТЛЕНИЙ.*

**ЯНВАРЬ**

В начале года в КазНУ стартовал уникальный научно-инновационный проект «Al-Farabi university - smart city», направленый на его превращение в университет новой формации. В основе проекта лежит учение великого мыслителя аль-Фараби о добродетельном городе.

В январе КазНУ возглавил глобальный хаб программы ООН «Академическое влияние» по устойчивому развитию. Это является важным признанием ведущей роли университета как лидера науки и образования.



**ФЕВРАЛЬ**

В феврале КазНУ посетил заместитель Премьер-министра – министр индустрии и новых технологий Республики Казахстан Асет Исекешев. Он высоко оценил представленные молодыми учеными университета инновационные проекты.

Студенты и преподаватели КазНУ встретились с российским поэтом Владимиром Берязевым, который рассказал о своих произведениях, проникнутых любовью и теплотой к казахской земле и ее народу.

**МАРТ**

В марте Глава государства Нурсултан Назарбаев принял ректора КазНУ Галыма Мутанова. В ходе встречи были обсуждены вопросы развития университета и повышения его конкурентоспособности.

По традиции в честь Международного женского дня мужчины КазНУ дали грандиозный гала-концерт.

В этом месяце состоялись два крупных мероприятия: международный семинар и первая Региональная конференция по проекту «Эрасмус Мундус», в которых приняли участие более 100 представителей вузов из 11 стран мира.

*Продолжение на 4,5 стр.*

# Встречи в Иране

***Делегация КазНУ им. аль-Фараби во главе с ректором академиком Г.Мутановым посетила вузы Ирана. Визит состоялся в дни празднования Независимости Казахстана.***



Важным событием стало выступление Г.Мутанова в Посольстве РК в Иране перед дипломатами и казахстанскими студентами, обучающимися в этой стране, посвященное Дню Независимости и основным положениям Послания Президента Казахстана Н.Назарбаева «Нұрлы жол – путь в будущее».

«Заветная мечта наших предков о Независимости стала реальностью благодаря мудрости, таланту и несгибаемой политической воле нашего Президента. За короткий исторический период мы построили независимое и сильное государство, признанное международным сообществом. В Послании Главы государства большое внимание уделяется науке и образованию. Обучая студентов на основе новейших достижений науки и пропуская через процесс производства, мы готовим высококвалифицированных специалистов, которые смогут решать любые сложные задачи», – подчеркнул в выступлении ректор КазНУ.

В ходе поездки Галым Мутанов встретился с вице-министром Ирана по вопросам образования и науки Жафаром Милимонфардом, председателем Организации исламских связей и культуры Абузаром Эбрахими, ректором университета им. Шахида Бехешти Моххамадом Техранчи и директором Научно-исследвательского института социологии и культурологии г-ном Айневандом. С коллегами были обсуждены вопросы межвузовского сотрудничества, обмена научно-практическим опытом, распространения казахской культуры в арабском мире.

«Сегодня КазНУ имени аль-Фараби ведет активную работу по расширению международных связей, интернационализации образования и науки, повышения конкурентоспособности в мировом научно-образовательном пространстве. Мы открыты для сотрудничества, установления и развития отношений с иранскими университетами во благо процветания наших стран», - отметил в ходе визита Галым Мутанов.

Руководитель казахстанского вуза выступил перед преподавателями и студентами университета им. Шахида Бехешти с лекцией о деятельности КазНУ. Опыт развития одного из старейших вузов Казахстана и Центральной Азии вызвал живой интерес у аудитории, в частности трансформация в исследовательский университет и динамичное продвижение в мировых рейтингах. Также состоялась презентация книги Галыма Мутанова «Математические методы и модели в экономическом планировании, управлении и бюджетировании», изданной на английском языке крупнейшим в мире издательским домом «Springer».

По итогам встреч были подписаны меморандумы о сотрудничестве с университетом им. Шахида Бехешти и НИИ социологии и культурологии Ирана.

**Пресс-служба КазНУ**

# ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫНА АРНАЛҒАН МОНОГРАФИЯ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы Берекет Бақытжанұлы Кәрібаевтың «Қазақ хандығының құрылу тарихы» атты монографиясы жарыққа шықты. Кітаптың тұсаукесері 25 желтоқсанда тарих, археология және этнология факультетінде өтті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылдың 11 қарашасында «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесі атап өтілетінін айтты.

Осы орайда жарық көрген монографияда Қазақ хандығы құрылуының теориялық-әдістемелік мәселелері, хандықтың құрылуының зерттелуі, оның деректері, этникалық және саяси алғышарттары, хандықтың құрылу барысы мен кезеңдері, «қазақ» этнонимі, сондай-ақ хандықтың құрылуының маңызы сияқты мәселелер қарастырылған.

Монография ЖОО студенттеріне, магистрлер мен докторанттарға, тарихшыларға, қоғамтанушыларға, жалпы қазақ елінің тарихына қызығушылықпен қарайтын қалың оқырмандарға арналған.

**kaznu.kz**

# КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

***2014 жылғы 29 желтоқсанда өткен ректорат мәжілісінде G-Global және EXPO-2014 халықаралық жобаларын жүзеге асыру бойынша университет шараларының жоспары жайында халықаралық қатынастар факультетінің деканы Кәрімжан Шәкіровтің баяндамасы және БҰҰ Тұрақты даму бағдарламасы аясындағы хабтың әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы қызметі жөнінде бірінші проректордың кеңесшісі Ғалия Ыбраева бүгінге дейін жасалған жұмыстарға тоқталып, есеп берді. Жиында «Халықаралық логистика және геосаясат» білім беру және ғылыми-зерттеу орталығын ашу туралы халықаралық қатынастар факультетінің деканы Кәрімжан Шәкіровтің ұсынысы бірауыздан қолдау тапты.***



Сондай-ақ мәжілісте 2014 жылдың 16-21 желтоқсан аралығында ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов бастаған делегацияның Иранға ресми іс-сапары қорытындысы баяндалды. Делегацияны Шахид Бехешти университетінің ректоры мен университет Ғылыми кеңесінің мүшелері қабылдап, Ғ. Мұтанов Шахид Бехешти университеті студенттері мен оқытушы-ғалымдар алдында дәріс оқып қайтты. Иранда оқып жүрген қазақ жастары мен дипломаттар алдында Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жолдауын талқылады. Шахид Бехешти университетінің ректоры Мухаммад Мехди Техранчи мырза әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтановты «Ғылымға сіңірген ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады. Іс-сапар нәтижесінде Иран Ислам Республикасындағы беделді ЖОО бірі Шахид Бехешти университетімен оқытушы-профессорлар құрамы арасында тәжірибе алмасу, бірлескен ғылыми жобалар жасау, студенттер мен магистранттардың тілдік және ғылыми тәжірибеден өтуі және басқа да келісімшарттар жасалды.

Университетте қалыптасқан дәстүр өз жалғасын тауып келеді, соның бір дәлелі UNAI Хаб атынан механика және экономика мамандығының магистранттарына, Васеда университетінің профессоры Мацумото Ясуми және Газа университетінің профессоры Ожал Мехмет Огуз «музей ісі және ескерткіштерді қорғау», «археология және этнология» мамандығының студенттеріне шәкіртақы табыс етсе, плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасының меңгерушісі Юрий Архипов академик Ф. Байымбетов атындағы шәкіртақыларды факультеттің ең үздік студенттеріне табыстады. Ал, жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Мәдиева Сарагоса университетінің профессоры, Испания, PhD докторы Хуан Карлос Гинес Орта және Экономика және технология университетінің профессоры, Түркия, Эюп Баджанлы атынан шәкіртақыларды оқуда озат студенттерге берді. Қазақ әдебиетінің теориясы және тарихы кафедрасының меңгерушісі Алуа Темірболат шетелдік профессорлар – Джорджтаун университетінің профессоры, АҚШ, PhD докторы Федорова Людмила Григорьевна және Висконсин-Мэдисон университетінің профессоры, АҚШ, PhD докторы Фунда Дерин атынан шәкіртақыларды «қазақ тілі және әдебиеті» мамандығының студенттеріне табыстады.

ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығы білім беру жүйесіндегі тестілеуді ұйымдастыру мен өткізуде өзіне жүктелген міндеттерді жоғары кәсіби деңгейде және белсенді орындағаны үшін алғысхаттармен университет ұстаздары және 2014 жылдың 26 желтоқсанда ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Президиумының шешімімен Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі болып профессор Б.М. Мұхамедиев, Т.О. Омарбеков, М.К. Наурызбаев, ал ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі (толық мүшесі) болып университетіміздің ректоры Ғ. Мұтанов сайланды.

**Еңлік АҚЖІГІТ**

## Ректорат мәжілісінде «ҚазҰУ-ға – 80 жыл» мерейтой медалімен университеттің бірнеше оқытушы-профессорлары марапатталды

# СЕТЕВОЙ ВЕТРОКОМПЕНСАТОР ПРЯМОГО ВКЛЮЧЕНИЯ

***По инициативе Офиса коммерциализации в Технопарк был направлен проект предпринимателя П.М. Вострикова «Разработка сетевого ветрокомпенсатор прямого включения». Ветрокомпенсатор, по убеждению автора проекта, предназначен для экономии потребляемой энергии методом противовключения в сеть через объект потребителя.***

Проект П.М. Вострикова решением НТС был принят к производству, и материалы направлены на грантовое финансирование в Комитет науки МОН РК. Сейчас он прошел все этапы экспертизы. Актуальность данного проекта заключена в том, что впервые предлагается отойти от традиционной концепции построения ветрогенераторов и не задаваться вопросом обеспечения энергией тех мест, где нет электроэнергии. Мы расширяем области применения ветроустановок.




**Стоимость производства энергии от разных источников**

Создание серии ветрокомпенсаторов от 20 до 100 кВт для внедрения их для нужд малого и среднего бизнеса с целью прямой экономии потребляемой электроэнергии и компенсации потерь в электросетях. Мы не оспариваем необходимость ветрогенераторов в привычном понимании.

Ветрокомпенсатор не является автономным источником энергии и не может работать без наличия городской сети или другого базового напряжения. В отличие от ветрогенераторов, где постоянно необходимо следить за частотой вращения, выходным напряжением, состоянием аккумуляторов, величиной тока и т. д., в ветрокомпенсаторе контролируются только два параметра: направление на ветер и аварийный увод по току. Возбуждаясь от сети и при повышении скольжения в сторону генератора, отдавая энергию в сеть, мы получаем на выходе асинхронного генератора форму и качество напряжения, совершенно не отличающих от формы и качества самой сети. Что и является главным условием, предъявляемым владельцами сетей при подключении к ним ветровых генераторов. К тому же отсутствие накопительной части, аккумуляторов, инверторов, стабилизаторов, многочисленных фильтров позволяет получить очень низкую себестоимость установки по сравнению со всеми имеющимися на рынке аналогами.

Задачей ветрокомпенсатора является только одно – экономия электроэнергии. Он не должен обеспечивать энергию, когда нет ветра или отключилась сеть. Только экономия при наличии ветра. Больше ветра – больше экономии. Меньше ветра – меньше экономии. Никаких других задач у него нет.

Колоссальными преимуществами данного проекта являются простота и эффективность. Поставлена задача снижения энергоемкости. Обладая рядом неоспоримых преимуществ, ветрокомпенсатор решает две главные задачи: повышает энергонасыщенность экономики и снижает общую стоимость электроэнергии.

А учитывая то, что в составе оборудования отсутствуют части, требующие регулярной замены (аккумуляторы), а также сложные блоки, периодически выходящие из строя, данный проект, безусловно, обладает таким важным свойством, как окупаемость.

Из приведенного рисунка видно, что на данном этапе развития ветроэнергетики затраты на производство единицы электроэнергии от ветра превышают затраты на производство единицы электроэнергии от атомных станций, от тепловых на угле и газе.

По данным исследования выходит, что основными затратными статьями являются капитальные затраты на изготовление и строительство. Также и эксплуатация ветровых станций сейчас обходится слишком дорого.

Проект ветрокомпенсатора призван снизить капитальные затраты на производство ветровых установок в несколько раз, что позволит ветроэнергетике стать действительно наиболее дешевым способом производства ветроэнергии.

Чем быстрее будет реализован проект ветрокомпенсаторов, тем очевиднее будет технологический уровень казахстанского общества и Казахстана в целом. Поскольку в некоторых странах мира, в том числе в США проводятся подобные исследования, которые, безусловно, приведут к созданию аналогичных установок, не пришлось бы нам по традиции покупать западные аналоги. У нас есть весьма реальный шанс стать первыми в области малой ветроэнергетики.

**А. ТОКЖАНОВ,**
*председатель Совета директоров НТП КазНУ*

## ҚЫСҚА-НҰСҚА

Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы шетелдік студенттеріне «Айналаңды нұрландыр!» бағдарламасы аясында өзінің 1500 жылдық көне тарихымен танымал, тарихи қала, діни туризм орталығы – Түркістанға экскурсия ұйымдастырылды. Бұл экскурсия өзінің тарихи-мәдени бағытымен ерекшеленді.

Осы іс-шараны Қазақ хандығының құрылуына 550 жылдық және шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының 30 жылдық мерейтойына арнап, кафедраның «Саяхат» атты өлкетану клубының жетекшісі Т.В. Курманова ұйымдастырды.

Экскурсия барысында шетелдік студенттер түркі тілдес халықтардың рухани орталығы, Қазақ хандығының саяси астанасы болған Түркістан қаласын, XV ғасырда Қ.А. Йасауиге арнап тұрғызылған кесенесін аралап көріп, тарихымен танысып, ерекше әсер алды.

**А.Е. САДЕНОВА,**
*шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының доценті*

***

«Салауатты өмір салты» жобасы аясында физика-техникалық факультетінің «Жылуфизика және техникалық физика» кафедрасы студенттерінің атсалысуымен №1 студенттер үйінің мәжіліс залында «СПИД – ғасыр індеті» тақырыбына арналған іс-шара өтті. Оған факультет оқытушылары мен студенттері қатысты.

Өткізілген іс-шарада СПИД дертінің пайда болуы, оның адамдарға жұғу жолдары және осы дертке әкеліп соқтыратын негізгі көздер – ішімдіктің, темекінің және есірткіні қолданудың зияны туралы баяндамалар жасалып, видероликтер көрсетілді. Студенттердің ішінде, әсіресе, адам жанын ерекше тебірентіп, көзге жас әкелген Серік Азизаның монологы болды. Шара соңында барлық студенттерге СПИД дерті жайлы түрлі викториналық сұрақтар қойылды.

**А.Е. ТУРСЫНБАЕВА,**
*физика-техникалық факультетінің оқытушысы*

***

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетіне биылғы оқу жылы келген тыңдаушылар – ауған жастарының ұйытқы болуымен Жаңа жыл кеші өтті.

Кеште парсы, қазақ тілінде әндер орындалып, екі ел ақындарының өлеңдері оқылды. Жігіттер тобы ұлттық билерін билеп, кешке қатысқан ауған тыңдаушыларының көңілдері көтеріңкі болды. Олар осындай мереке өткізуге жағдай жасағаны үшін ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасына ризашылығын білдірді. Әр топтың тыңдаушылары қазақ тілінде Жаңа жыл мерекесіне қатысты құттықтау сөздер дайындап, мәнерлеп айтуға тырысты. Сондай-ақ Жаңа жылға арналған бірнеше қабырға газетінде қазақ тілінде құттықтау сөздер мен «Қыс» тақырыбындағы өлеңдер жазылды.

**Г. МОЛДАҒАЛИЕВА,**
*ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушысы*

***Издательский дом «Қазақ университеті» презентовал учебно-методическое пособие «Кешенді қазақ тілі»***

Продолжение. Начало на 1 стр.

# Юбилейный год КазНУ

### АПРЕЛЬ

В апреле КазНУ посетил специальный представитель Генерального секретаря ООН, глава регионального центра по превентивной дипломатии по Центральной Азии Мирослав Енча. Целью визита стало обсуждение вопросов укрепления партнерства структур ООН с КазНУ в области устойчивого развития, науки и образования.

В этом месяце в КазНУ стартовали первые Международные фарабиевские чтения, программу которых открыл форум «Абу Наср Аль-Фараби в диалоге времен».

Состоялась встреча ректора университета Галыма Мутанова с делегацией Международной федерации студенческого спорта во главе с ее президентом Клодом-Луи Гальеном.

Магистранты КазНУ получили дипломы выпускников Университета Лотарингии (Франция).

В этом месяце прошел IV Международный студенческий форум «Зеленый мост через поколения» в поддержку глобальной энергоэкологической стратегии и инициативы «Зеленый мост» Президента страны. Состоялось заседание Консорциума ректоров вузов РК по обсуждению актуальных вопросов науки и образования.

КазНУ с грандиозным размахом встретил свою 80-ю весну, отметив праздник «Наурыз – начало нового года» в лучших традициях казахского народа.




### МАЙ

Май для КазНУ стал месяцем главных мероприятий по празднованию 80-летнего юбилея университета. В рамках VII Астанинского экономического форума состоялся III форум азиатских университетов с участием ведущих вузов мира.

Запоминающимися стали:

-городской велопробег, посвященный юбилею университета с участием акима Алматы Ахметжана Есимова;

-торжественное чествование ветеранов научно-педагогического состава КазНУ «Қариялар – алтын қазына»;

-церемония награждения победителей конкурса среди СМИ и журналистов «КазНУ – кузница казахстанской элиты»;

-международная конференция по Болонскому процессу;

-круглый стол «Университет – точка роста наукоемкой экономики»;

-форум работодателей «Университет – бизнес – общество: опыт и перспективы партнерства»;

-международная книжная выставка-ярмарка «AlmatyBookExpo» под лозунгом: «От интеллектуальной нации к интеллектуальному чтению».

Во Дворце студентов альма-матер собрал тысячи своих выпускников на форум. Преподавателей, студентов и выпускников вуза поздравили Председатель Верховного суда РК – председатель Ассоциации выпускников КазНУ Кайрат Мами, Министр образования и науки Аслан Саринжипов, Председатель Конституционного Совета РК Игорь Рогов, аким Алматы Ахметжан Есимов и другие известные личности. Впервые в истории казахстанских вузов был учрежден эндаумент-фонд развития университета.

Месяц также запомнился лекциями лауреата Нобелевской премии по химии Арье Варшеля. Встречи с Нобелевскими лауреатами в КазНУ стали доброй традицией и направлены на популяризацию научной деятельности среди студентов и преподавателей.







### ИЮНЬ

В июне в КазНУ прошла выставка «Высшее образование в Китае». В ее работе приняли участие более 17 высших учебных заведений Поднебесной, которые представили широкий выбор программ для обучения в этой стране.

КазНУ, как и в прошлые годы, стал лидером национального рейтинга 2014 года.

### ИЮЛЬ

Важным событием июля стало подписание Генерального рамочного соглашения между КазНУ и руководителями научных организаций Комитета науки МОН РК об интеграции науки и образования. КазНУ и 10 НИИ в порядке эксперимента начиная с 1 сентября приступили к совместной подготовке 100 магистрантов и 50 докторов PhD.

В КазНУ с участием главы МОН РК Аслана Саринжипова прошла презентация «Национальной студенческой лиги по футболу».

### АВГУСТ

Главным событием августа стали итоги исследования известной международной организации "Great Value Colleges". КазНУ вошел в число 50-ти самых технологически развитых университетов мира, заняв в рейтинге 31 место. В этом рейтинге КазНУ стал единственным представителем не только стран-участниц СНГ, но и Восточной и Центральной Европы.

В этом месяце впервые между КазНУ и клиникой «Кангнам Северанс» университета Ёнсе (Южная Корея) состоялось онлайн апробирование системы телемедицины «U-Health» - важной составляющей диагностического центра, который недавно начал свою работу.

### СЕНТЯБРЬ

В сентябре в «Ғылым ордасы» состоялась презентация экспериментальных программ магистратуры и докторантуры. Казахстанской молодежи предоставилась уникальная возможность получить академическую и ученую степень, сочетающую в себе научные традиции и современные стандарты образования.

26 американских студентов выбрали учебу в КазНУ. Тот факт, что молодые американцы предпочли европейским вузам казахстанский, несомненно, свидетельствует о росте популярности страны и системы ее



**Елбасының ҚазҰУ-ға келуі – мерейтойлық жылдың басты оқиғасына айналды**

# НУ: яркие мгновения



высшего образования.

Важным событием месяца стала победа студентов КазНУ на XVII Азиатских играх в Инчхоне (Южная Корея). Главным триумфатором стал Дмитрий Баландин, который завоевал три золотые медали в плавании на дистанциях 50, 100 и 200 метров брассом, а Елдос Сметов занял первое место в соревнованиях по дзюдо.

**ОКТЯБРЬ**

Октябрь ознаменовался для КазНУ приятным событием, которое прошло в рамках 66-й международной книжной выставки «Frankfurter Buchmesse 2014» в Германии. Здесь крупнейший в мире издательский дом «Springer» презентовал книгу ректора КазНУ Галыма Мутанова на английском языке «Математические методы и модели в экономическом планировании, управлении и бюджетировании».




В этом месяце КазНУ совместно с Национальной академией наук РК провели презентацию книг великого мыслителя Востока Аль-Фараби.

Состоялось открытие Дома студентов для будущих журналистов. Студенты стали счастливыми новоселами в девятиэтажном здании.

Более 4 тыс. первокурсников КазНУ были «посвящены в студенты». Мероприятие стало первым праздником, который приобщил их в ряды казахстанского студенчества.

В КазНУ прошла открытая лекция Генерального секретаря Организации Исламского Сотрудничества Ияда бен Амин Мадани, который подробно ознакомил студентов с деятельностью организации.

Также преподаватели и студенты КазНУ встретились с выпускником университета академиком Абдурасулом Жарменовым, который для развития университета внес внушительную сумму в эндаумент-фонд вуза.

**НОЯБРЬ**

Ноябрь для КазНУ начался с проведения мероприятия мирового уровня с участием председателя Сената Парламента РК Касым-Жомарта Токаева. Международная конференция «Новая парадигма устойчивого человеческого развития. G-Global – формат глобального диалога» объединила в КазНУ представителей влиятельных международных организаций, которые предложили свое видение дальнейшего развития цивилизации и пути решения глобальных проблем человечества.

В КазНУ научно-практической конференцией свое 80-летие отметила газета «Қазақ әдебиеті», в которой приняли участие известные публицисты Казахстана.





В формате национального колорита состоялся финал университетского конкурса «Ана тілі аруы» и «Жігіт сұлтаны» - 2014. Победителями стали студентка факультета журналистики Енлик Абдыкадыр и студент факультета философии и политологии Акниет Жубанышев.

Ректор КазНУ Галым Мутанов избран членом Всемирной Академии искусств и науки. Решение было принято номинационным комитетом и Советом попечителей этой престижной международной организации.



Ко Дню Первого Президента РК с грандиозным размахом прошел гала-форум республиканского патриотического фестиваля студенческой молодежи «Мен жастарға сенемін!», который собрал представителей вузов со всех регионов страны. Победители конкурсов по номинациям стали обладателями грантов на год бесплатного обучения в КазНУ.

**ДЕКАБРЬ**

Главным событием года стал визит в КазНУ в декабре Главы государства Нурсултана Назарбаева. Он в онлайн-режиме открыл работу первого в истории вузов РК Медицинского диагностического центра КазНУ.

В канун Дня Независимости страны указом Президента Республики Казахстан ректор КазНУ Галым Мутанов был награжден орденом «Барыс» III степени. Также государственных наград были удостоены шесть ученых КазНУ. А по итогам 2014 года академик Сагындык Сатубалдин стал обладателем премии «Алтын адам» в номинации «Деятель науки».

Ко Дню Независимости Казахстана в КазНУ состоялось торжественное мероприятие и праздничный концерт с участием заслуженного деятеля Казахстана Жамили Серкебаевой и концертного оркестра акима Алматы под руководством народного артиста РК Мурата Серкебаева.

В этом месяце в КазНУ совместно с Казахстанским пресс-клубом открыт студенческий пресс-центр, который станет практической площадкой для будущих журналистов.

Год завершился еще одним достижением. КазНУ стал единственным вузом, который вошел в топ-20 лучших университетов Центральной Азии в новом рейтинге «QS University Rankings: «Развивающаяся Европа и Центральная Азия 2014/15», заняв в нем 14 место.

***Вот так интересно и насыщенно прошел юбилейный год КазНУ. Благодаря огромному труду, сплоченности, профессионализму и энтузиазму коллектива университет динамично развивается и уверенно двигается вперед. Мы стоим на пороге Нового 2015 года, встречу которого мы связываем с надеждой на лучшее и верой в будущее, ждем от него исполнения самых заветных желаний. Пусть он станет для всех нас годом новых свершений и уверенных побед!***

*Подготовлено* **Акмарал КУАНЫШЕВОЙ**

**QS «Дамушы Еуропа және Орталық Азия» жаңа рейтингінде ҚазҰУ-дың 14 орынды иеленуі – жылдың айтулы жетістігі**

# МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ЖЫЛ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?

**Алматбек ҚЫДЫРБЕКҰЛЫ,**
механика-математика факультетінің деканы



– Еліміздегі жоғары білім берудің флагманы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемдік кеңістіктегі жоғары білім беруді интеграцияландырудың жаһандық мақсаттарын дөп басып, жүзеге асыруда әрқашан алда келеді. Әсіресе, өз ісінің кәсіби мамандары мен білікті кадрлар дайындаудан танбаған университетке 80 жыл толған 2014 жылдың ҚазҰУ үшін мерейлі болғаны қандай ғанибет. Осы жылдар ішінде білім беру, ғылым мен инновациялық қызметтің ұтымды бірігуі негізінде жаңа формациядағы мамандар дайындауды өзінің миссиясы ретінде анықтаған университет халықаралық деңгейде танылып, отандық жоғары білім берудегі көшбасшы екендігін көрсетті.

Өткен жыл механика-математика факультеті үшін де мерейлі-мерекелі жыл болып, көптеген жұмыстар атқарылды. Мысалы, қос дипломды білім беру келісіміне қол қойылу аясында шетелдік профессорлар іріктеуінен табысты өткен магистранттардың алғашқы тобы Ұлыбританияға аттандырылды. Қазақстан Республикасы Президентінің «Нұрлы жол – болашақ жолы» концепциясы Қазақстан Республикасының ірі индустриялды мекемелерімен келісім-шарт жасауға жол ашты. IT бағытынан қазіргі заманғы ГПИИР-2 шарасына қатысудың бағдарламасы жасалды. Халықаралық тығыз қызметтестік бағдарламасын жүзеге асырудың жаңа білім беру бағыттары ашылды. Intel компаниясымен меморандумға қол қойылды. Соның арқасында механика-математика факультетінде жоғары өнімділікті есептеулер компетенциясының орталығы ашылды. Факультет халықаралық аккредитация комиссиясының оң бағасын алды. Мерейтойлық жылы факультет біршама халықаралық, іргелі және шаруашылық жобаларға қатысты. Факультеттің он бес қызметкері мерекелік медальдің, 1 орденнің иегері атанды. Міне, мұның бәрі университет алдындағы қызметкерлердің сіңірген еңбектерінің сүбелі екендігін айғақтайды.

Сондай-ақ философия PhD докторларын дайындау программаларын ғылыми-зерттеу институттарымен интеграциялау кезеңі табысты аяқталды. Кафедра базасында шетелдік студенттерді дайындау аясы кеңейтілді. Осы жылы Германия мен Оңтүстік Кореядан магистранттар мен студенттер тағылымдамадан жемісті өтті.

**Баян ДЖУБАТОВА,**
декан факультета востоковедения:



– 2014 уходящий год был богат яркими событиями. Одним из таких является работа III Форума ректоров азиатских университетов в КазНУ, который проходил в мае этого года. Форум был на самом деле яркой страницей в жизни университета, особенно факультета востоковедения, потому что впервые в Казахстане собрались ректора университетов азиатского континента, что дало уникальную возможность за короткий срок обсудить вопросы сотрудничества, а главное, установить контакты с ведущими университетами Азии.

Также в этом году перед факультетом востоковедения открылись новые возможности. Мы встретились с профессором Зу-ль-Кифли Абдул Разак, президентом Международной Ассоциации университетов при ЮНЕСКО. В ходе встречи были обсуждены возможности и перспективы сотрудничества КазНУ с одним из научных и образовательных учреждений Малайзии. По результатам встреч были установлены контакты с Университетом экономики и бизнеса (Вьетнам), Университетом Иностранной Торговли (Вьетнам), Университет Чулалонгкорн (Таиланд). Для нас в этой связи открывается обширное поле деятельности.

Еще нам удалось открыть Музей Востока. Это был прорывной проект факультета. Идею вынашивали давно, но реализовать удалось в юбилейном году благодаря нашим партнерам, зарубежным друзьям, посольствам и культурным центрам восточных стран. Теперь нам есть что показать гостям. Музей является гордостью нашего факультета.

Приятным событием года лично для меня стало то, что я была награждена юбилейной медалью Аль-Фараби и стала обладателем государственной научной стипендии Комитета науки МОН РК на 2014-2015 г.г.



**Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,**
баспа ісі және дизайн кафедрасының меңгерушісі

– Желмен жарысқан жүйрік Жылқы жылы да тарих сахнасынан желіп өте шықты... Кез келген күнтізбелік кезең сынды бұл жылдың да есте қаларлық тұстары мол болды. Оның ең бастысы – оқу ордамыздың мерейлі 80 жылдығы және ҚазҰУ-дың әлемдік мәртебесінің биіктеуі. Сондай-ақ ғылыми және көпшілік бағыттағы шығармашылықпен шұғылданатындықтан, іргелі істер ішінен қолымызға көп күттіріп тиген «Торғай елі» энциклопедиясының жарық көруін «мұрындықшылардың» бірі ретінде атап өтер едім. Ұлт ұстаздары Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов өмірге келген Торғай өңірі туралы бұл анықтамалықтың оқырманға жетуіне әдеттегідей қаржы тапшылығы кедергі болғаны. Көптен күпті көңіл университетіміз түлегі, кезінде Арқалық қаласының әкімі болған белгілі саясаттанушы-ғалым, қоғам қайраткері Берік Әбдіғалиұлының қолдауы арқасында орнына түсті.

Украинадағы демократиялық қозғалыс пен Елбасымыздың осы аймақтағы саяси реттеу үдерісіне ат салысуын әлем дамуында бетбұрыс болатын қоғамдық құбылыс ретінде атап өту қажет. Бұл жөніндегі пікірім өзіміздің «Қазақ университеті» газетінде осы мамыр айында жарық көрген еді.

Ал, жуырда ғана тағайындалған «жас» кафедра меңгерушісі болғандықтан, алдағы Қой жылынан шағын ұжымымызға жағымды жаңалықтарды тосамын. Қой жылы берекесі мен мерекесі көп жыл болсын, ардақты ағайын!

**Шырын ТІЛЕНШИЕВА,**
Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлім өкілі



– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – қызыққа толы студенттік өмір мекені. Өзінің бай дәстүрі және білім беру сапасымен, білікті мамандары, талантты да талапты студенттерімен, еліміздегі басқа университеттерге үлгі көрсетуімен ерекшеленетін қарашаңырағымыз әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үшін өтіп бара жатқан жыл өзгеше болып саналады. Себебі, университетіміз биыл өзінің 80 жылдық мерейтойын атап өтті. Осыған орай университетімізде арнайы іс-шаралар ұйымдастырылып, мерейтойлық онкүндік аталып өтілді.

Әрине, бұл іс-шаралардан университетіміздің жастары, оның ішінде Жастар ұйымдары комитеті тыс қалған жоқ. «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, Студенттер кеңесі, Болон үдерісі бойынша студенттік Бюро, студенттер Сенаты, «Көмек» еріктілер қозғалысы сияқты ұйымдардың мүшелері аталған іс-шаралардың ұйымдастырылуына белсене қатысып, өздеріне таптырмас тәжірибе жинағаны сөзсіз. Мұндай шараларға жастарымыздың белсенді ат салысуы бәрімізді қуантатыны анық. Еліміздің ертеңі жастар екендігін ескерсек, өткен жыл университет жастарын патриоттыққа, отансүйгіштікке баулуға өзіндік үлесін қосты. Ел болашағы мен саналы ұрпақтар тәрбиелеуде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қай уақытта болмасын алда, үздік және солай бола беретіндігі үшін мақтанамын!

***Кафедра ЮНЕСКО, международной журналистики и связи с общественностью совместно с ТЮЗом организовал благотворительный праздник для детей с ограниченными возможностями***

# ЭЛЕКТРОННЫЕ РЕСУРСЫ КАЗНУ

***В КазНУ научные исследователи – магистранты, докторанты, преподаватели, а также сотрудники научных институтов и центров – имеют возможность использовать электронные ресурсы международных баз научных данных.***

Благодаря национальной подписке при поддержке Министерства образования и науки и Национального центра научно-технической информации с компьютеров, имеющих постоянный IP-адрес на территории университета, возможен доступ к поисковым платформам информационных компаний Thomson Reuters и Scopus. Также благодаря непрерывным переговорам руководства нашего университета с зарубежными издательскими домами имеется доступ к полнотекстовым статьям на платформах европейских издательств Elsevier и Springer.

В свете трансформации КазНУ в исследовательский университет использование информации из этих баз данных уже является необходимым фактором для актуальных исследований. Наши исследователи могут читать статьи зарубежных ученых, а также публиковаться в рецензируемых зарубежных журналах. Магистранты и докторанты университета широко пользуются информацией из этих баз данных. Например, на факультетах университета в рамках обязательной дисциплины «Организация и планирование научных исследований» магистранты извлекают всю необходимую информацию для выбора актуальных направлений науки, как статьи по ключевым словам, авторов этих статей, их цитируемость и контакты, журналы с импакт-фактором, данные о патентах и многое другое. Для докторантов также умение пользоваться электронными ресурсами указанных баз данных является необходимым для выбора отечественного и зарубежного научных консультантов. Также с помощью этих баз данных исследователи могут находить журналы, имеющие импакт-факторы, публикации в которых являются необходимыми для защиты диссертаций на соискание ученых степеней и получения ученых званий. Отметим, что доступ к упомянутым базам данных дает широкую возможность для магистрантов, докторантов, молодых и опытных исследователей университета проводить исследования, необходимые для прогресса в науке и дальнейшего интегрирования нашего университета и страны в целом в международное научное пространство.

Возможность доступа нашего университета к международным библиометрическим базам данных является неоценимой помощью для исследователей при проведении актуальных научных исследований, поэтому призываем всех сотрудников университета пользоваться электронными ресурсами Thomson Reuters и Scopus!

**Р.С. КАБАТАЕВА,**
*физико-технический факультет*
**Б.С. КАБАТАЕВА,**
*Высшая школа экономики и бизнеса*

# Новые книги от университетского издательства

***Издательский дом «Қазақ университеті» провел ряд презентаций таких новых изданий, как монография декана факультета истории, археологии и этнологии к.и.н., доцента А. Жумадилова «Военное дело кочевников Евразии: историографический анализ», монография доктора философских наук, профессора кафедры религиоведения и культурологии Н. Байтеновой «Дін және қоғам: заманауи дискурс», учебник кандидатов биологических наук, доцентов К. Даутбаевой и С. Шалгынбаевой «Омыртқасыздар зоологиясы».***




Книга доцента Армана Жумадилова «Военное дело кочевников Евразии: историографический анализ» является первым в казахстанской историографии монографическим исследованием, посвященным военному делу кочевников. Объемная монография из 244 страниц, состоит из трёх больших глав. Военно-историческая тематика остается пока одной из недостаточно изученных проблем в казахстанской историографии. Научных работ по этому периоду, затрагивающих военные аспекты, незначительно, поэтому изучение истории военного дела казахов является актуальной задачей.

Труд профессора Куляш Даутбаевой и доцента Сауле Шалгимбаевой «Омыртқасыздар зоологиясы» – это учебник о биологическом изучении беспозвоночных и позвоночных, их морфологии, анатомии и систематике. Востребованный учебник предназначен для будущих специалистов-биологов. В книге рассматривается животный мир разных регионов Казахстана. Учебник оформлен красочными рисунками и иллюстрированными картинами, что тоже, безусловно, является помощью в учебном процессе. Издание имеет большой спрос не только среди студентов нашего университета, заказы поступают и из других вузов страны.

Книга доктора философских наук, профессора кафедры религиоведения и культурологии Нагимы Байтеновой «Дін және қоғам: заманауи дискурс» предназначена для преподавателей, студентов, а также для всех, кто интересуется историей религии. В Казахстане наибольшим уважением в обществе пользуются крупные мировые и традиционные религиозные системы – ислам, православие, христианство, католицизм, иудаизм, буддизм. В этой книге вы найдёте ответы на многие вопросы касательно религии Казахстана.

**С.С. ЖЫЛКАЙДАРОВА,**
*ведущий специалист издательского дома «Қазақ университеті»*

***Қоғамның әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогресі қарқынды дамып отырған заманда адамның интеллектуалдық еңбек үлесі өсіп, білім деңгейіне және әрбір жеке тұлғаның шығармашылық даралығының дамуы мен кәсіби бағыттылығына қойылатын талаптар арта түсуде. Осыған байланысты жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы талдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекеттің бірі – кәсіби бағдар беру.***

# ОН-ЛАЙН ЖҮЙЕСІНДЕГІ КӘСІБИ БАҒЫТ

Шәкірттер мектеп қабырғасынан болашақ мамандығын саналы түрде анықтауда достарының, туыстарының, көп жағдайда ата-аналар мен ұстаздарының көмегіне жүгінеді. Әсіресе, шалғай ауыл мектебінде білім алатын жастарға бүгінгі күнде қоғамға қажет мамандық түрлері туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік бола бермейді. Сондықтан мектеп бітіруші түлектерімен мамандықтар бойынша әңгіме құру, дәрістер мен баяндамалар оқу, он-лайн жүйесінде кәсіби бағдар беру шараларын жүргізудің маңызы зор. Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті география және табиғатты пайдалану факультеті 2014-2015 оқу жылына кәсіби бағдар бойынша жұмыстарының кафедралық жоспарына сәйкес, 2014 жылдың 5, 18 желтоқсан күндері республикамыздың облыс, аудандары мен ауыл мектептеріне он-лайн жүйесіндегі кәсіби бағыт іс-шарасын өткізді. Мұндай іс-шара факультетімізде 2 жыл қатарынан жүргізіліп келеді. Осы уақыт аралығында факультет республикамыздың 50 мектебімен кездесуге шықты.

Факультетімізде өткен он-лайн жүйесіндегі іс-шараның мақсаты – 80 жылдық тарихы бар, еліміздегі жетекші жоғары оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мамандықтары туралы кеңінен ақпарат беру және мектеп бітіруші түлектерді университетке оқуға түсуге шақыру. Қазақстанның шалғай аудандарында орналасқан мектептердің, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы Қақпақ ауылының «Қызылтаң» жалпы орта мектебінің, Ақтөбе қаласының №36 қазақ орта мектебі және №32 жалпы білім беретін орта мектеп гимназиясының, Алматы қаласының №169 мектеп-лицейінің, Қостанай облысы Денисовка ауылы №2 орта мектебінің 11-сынып оқушылары ат салысып, «туризм», «метеорология» және «гидрология» бойынша мамандықтарға көп қызығушылық білдірді. Іс-шара барысында факультетіміздің бейнероликтері көрсетіліп, кафедра басшылықтары мен факультет декандарының орынбасарлары түлектер тарапынан қойылған түрлі сұрақтарға жауап берді.

Болашақ мамандықты таңдауда іскерлі қарым қатынасты ары қарай дамытамыз деген оймен үлес қосқан мектеп ұстаздарына алғыс білдіреміз!

**А.А. ЖАКУПОВА,**
**А.С. НЫСАНБАЕВА,**
*география және табиғатты пайдалану факультетінің оқытушылары*

***Жаңа жыл қарсаңында Ақсақалдар кеңесінің дәстүрлі отырысы өтті***

# БАСТЫ МІНДЕТ – ӘСКЕРИ АЗАМАТ ТӘРБИЕЛЕП ШЫҒАРУ

*Табысқа толы сексен жылдық тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әскери кафедрасы ұжымы студенттердің мамандықтары бойынша оқу орнын бітіргеннен кейін өз еріктерімен ҚР Қарулы күштерінің барлық салаларында қызмет етуге мүмкіндік беретін қажетті біліммен қатар, әскери-патриоттық тәрбие беруге баса назар аудара отырып, жастарды әскери тәртіпке машықтандырып, отансүйгіштікке тәрбиелеп, ерлік пен табандылыққа баулуда сүбелі үлес қосып келеді.*



Әскери өмірдегі басты нәрсе – тәртіп. Әскери форма киіп, осынау жауапкершілікті арқалағаннан кейін қатаң тәртіпке бағынып, басына түскен барлық қиындықтарға төтеп беру – басты міндет. «Тәртіп бар жерде білім бар», – деп Ұлы Отан соғысының ардагері, батыр атамыз Б. Момышұлының тегін айтпағаны айдан анық. Кафедра әскери тәртіптің қатаң сақталуына, студенттермен оқу-тәрбие және машықтандыру жұмыстарының жүйелі түрде жүргізілуіне әр уақытта оң ықпалын тигізуде. Кафедраның профессорлық-оқытушы құрамымен және оқу-көмекші қызметкерлерімен оқу процесін ұйымдастыру, әскери-патриоттық және студенттермен тәрбие жұмыстары бойынша жоспарланған шаралар жүйелі түрде жүргізіледі. Сабақтың барысы мен сапасы міндетті түрде бақыланып, оқытушылардың бір-бірінің сабағына қатысып, жұмыс тәжірибесінің алмасуы өтеді. Кафедра мәжілісінде әр көрсетілім мен өткізілген ашық сабақтар талқыланып, қорытындыларын шығарып отырады.

Запастағы полковник Ишанов Ерназар Хамидуллаұлы 2013 жылдың 20 наурызынан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әскери кафедра бастығы болып тағайындалғаннан бері кафедрада оң өзгерістердің көбейгенін айтқымыз келеді. Ерназар Хамидуллаұлы 2010-2011 жылдары аға оқытушы, кейін кафедра бастығының орынбасары лауазымдарын атқарғанға дейін Омск жалпыәскери командалық училищесін бітіріп, 1988-89 жылдары Кеңес әскерінің Ауғанстандағы мотоатқыштар полкының мотоатқыштар взводы командирінен бастап, Бас штаб бастығының оперативті жұмыстар бойынша орынбасары (ҚР ҚК), Қазақстан Республикасы Қарулы күштері Құрлық әскерлері қолбасшысының бас басқармасы бас штабының оперативтік басқармасының бастығы лауазымына дейін қызмет атқарған. 1998 жылы М.В. Фрунзе атындағы әскери академияны тәмамдаған. Бүгінгі таңда, осы әскери қызметі барысында запастағы офицерлерді оқытып, дайындау бағдарламасы бойынша жинаған бай тәжірибесін студент жастармен бөлісуде.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы аясындағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру және мемлекеттік тілдің өз тұғырына көтерілуі жергілікті жердегі лауазымды қызмет иелеріне де тікелей қатысты дейтін болсақ, кафедра басшысы полковник Е. Ишанов мырзаның тікелей ұйытқы болуымен қазақ тілін дамытып, оқып үйрену іс-шаралары өте дұрыс жолға қойылып отыр. Өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуге деген ұмтылыстары ерекше. Бастауыш топтағы өзге ұлт өкілдері күнделікті жұмыс барысында әскери саптық әмірлерді, баянаттар мен әскерилердің қарым-қатынас сөздерін мемлекеттік тілде айтуға тырысулары қуантарлық жағдай. Әр аптаның бейсенбі күні барлық әскери саптық пәрмендер, қызметкерлердің өзара сөйлесулері тиісінше мемлекеттік тілде өтеді.

Бүгінгі таңда кафедрадағы атқарылып жатқан жұмыстар толағай теңіз, сонымен қатар университет аясында өткізілетін барлық іс-шараларға кафедра ұжымы ерекше белсенділікпен атсалысады. Кафедраның соңғы уақыттардағы жоғарғы белестерден көрінуі, атап айтатын болсақ, университеттің барлық қызметкерлері арасында өтетін дастүрлі «Денсаулық» атты қысқы спартакиадасында командалық жоғары орындарға ие болуы, 8 наурыз халықаралық әйелдер күні қарсаңында Студенттер сарайында өткен мерекеде және 22 Наурыз мейрамында жиналған халықты кафедра ұжымы өздерінің ән-би шашуларымен тәнті етуі кафедра бастығының үлкен ұйымдастырушылық қабілеті мен еңбегінің арқасында іске асып жатқаны сөзсіз.

Елбасы талап етіп отырған қызметкер еңбегін адал бағалау ұстанымы тиісті дәрежеде біздің кафедрадада жүзеге асырылған. Әрбір қызметкер өзінің атқарған жұмысының қорытындысына қарай тиісті дәрежеде бағаланады. Әрине, бұл рейтинг жүйесі қызметкерлердің жыл сайын еңбек көрсеткішінің деңгейін көтеруге, жұмысқа жігерлене араласуға ынталандырады.

Кафедраның басты мақсаты – талғамы терең, ой-өрісі жетік Қазақстан Республикасының әскери азаматын тәрбиелеп шығару. Бүгінгі таңда Ишанов Ерназар Хамидуллаұлының кафедра үшін атқарған еңбегі зор. Әрине бұл істелініп жатқан еңбектің барлығы еліміздің игілігі үшін, тек жастар үшін!

**Запастағы подполковник М. САДЫҚОВ,**
**А. БЕЙСЕБАЕВА,**
*кафедраның жетекші мамандары*

*Татулық пен достастықтың, толеранттылықтың тұрақты мекені ретінде әлемге танымал Тәуелсіз Қазақстан Республикасы Ауғанстан Ислам Республикасы әлем елдерінен гуманитарлық көмек сұрағанда ең алғашқылардың бірі болып көмек қолын созды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың парасатты саясатының арқасында жас мемлекетіміз қазақ елі көптен күткен тәуелсіздікпен қатар көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Көрші елдермен қоса алыс-жақындағы алпауыт мемлекеттермен де байланыс орнатты. Қазақстан мен Ауғанстан – екі ел арасындағы достық байланыс үлкен стратегиялық маңызға ие. Қазір елімізде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен мемлекеттік бағдарлама бойынша мыңдаған ауған жастары оқып жүр.*

# Қазақ тілінде оқып жүр талай ауған баласы

Еліміздің жетекші де бірегей оқу орны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде биыл жүз сексендей АИР тыңдаушысы мемлекеттік тілде білім алуда. Әлемдік деңгейге көтерілген университеттің қазақ даласынан шыққан ұлы ғалымның атымен аталуы да заңды. Қазақстанның бірегей оқу орны – Қазақ ұлттық университетінде білім алу құрметіне ие болған АИР тыңдаушылары университет басшылығына, ұстаздар ұжымы мен қызмет көрсетуші тұлғаларға дән риза. Себебі университетте діни бағытты берік ұстаған Ауғанстан Ислам Республикасынан келген діни ұстанымдағы тыңдаушыларды зайырлы мемлекетіміздің қазіргі тыныс-тіршілігіне, қоғамдық-әлеуметтік өміріне, экономикалық ахуалына бейімдеу үшін оңтайлы жағдайдың бәрі жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Қазақстанға ұшақпен ауғандық тыңдаушылар әуежайға келген кезде оларды қарсы алып, жатақханаға орналастыру және медициналық тексерістен өткізу жұмыстарын жүзеге асыру үшін білікті басшымыз – ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтановтың бастамасымен іскер ұйымдастырушы – факультет деканы Ж. Жаппасов, декан орынбасары М.Б.Әмірханов, аға куратор Г.А.Тастемировалармен бірге факультет ұстаздарынан арнайы топ жасақталады.

Қазақстанға келгенде алғашқы сәттен бастап-ақ қамқорлықпен қонақжайлы ілтипатқа бөленген АИР тыңдаушыларының білімге деген ықыласы да, мемлекеттік тілді меңгеруге деген құлшынысы да, қабілетіде ерекше. Білім беру саласында профессор Қ.А.Аққошқарова, доцент М.Б.Көккөзова, Ж.Т.Молдағалиева, аға оқытушылар Г.А.Тастемірова, Р.Т. Нарaлиева, М.Ж.Әмірова, А.К.Бегалиева сынды тәжірибелі де білікті ұстаздар сабақ береді, құжат ресімдеу барысында деканатта еңбек ететін Жұмахан апай мен Марат ағайдың еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Ұстаз ұлағаты – сапалы білімен қатар саналы тәрбие беру деген нық ұстанымды ұран еткен университет пен факультет басшылығы, оқытушылар ұжымы білім беру үдерісін маңызы зор тәрбиелік шаралармен ұштастыра отырып ұйымдастырады. «Қазақстанға қош келдіңдер!», «Жатақхана – өз үйің», «Таза болса табиғат, аман болар адамзат», «Қазақ халқының әдептілік әлемі» секілді тәрбиелік маңызы жоғары іс-шаралар өткізіліп тұрады. Топтың куратор-эдвайзерлері Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі тыныс-тіршілігімен, мәдениетімен, салт-дәстүрімізбен таныстыру мақсатында мәдени-танымдық іс-шаралар саяхат сабақтар ұйымдастырып, қаланы аралатады.

Ауғанстандық тыңдаушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейін айқындайтын «брейн-ринг» жүйесінде құрылған «Әлем таныған Қазақстан», «Тәрбие басы – тіл», «Мақал-мәтел – сөз мәйегі» атты дәстүрлі білім бәсекелері жыл сайын ұйымдастырылады.

Осы абыройлы да жауапты атқару барысында АИР елшілігімен тығыз байланыста еңбек етеміз, сонымен бірге университет пен факультет басшылығымен, ұстаздар ұжымымен қатар асхана аспаздары мен жатақхана коменданты Гүлзат бастаған еңбек ұжымы да ерен еңбектерін сіңіруде.

**Р.Т. НАРАЛИЕВА,**
**А.Ә. МАСИМБАЕВА,**
*ҚазҰУ ұстаздары*



**Состоялась презентация фотоальбома студента факультета журналистики Досжана Балабекулы “Қыр гүліндей жайнаған ҚазҰУ қызғалдақтары”**

# ТУРИЗМ САЛАСЫ КАДРЛАРЫН ДАЙЫНДАУДА ФЕНОМЕН

*Нарықтық қатынастағы ең қарқынды дамып келе жатқан экономика салаларының бірі – туризм. Оның жоғарғы қарқынды дамуы ақша қаражаты айналымын туғызып, ел экономикасының әртүрлі секторларына әсер ету арқылы жеке туристік индустрияны қалыптастыруға ықпал етеді. Қазақстан Республикасындағы туризм дамуының жаңа кезеңі нағыз қайнау өткелінде тұр. Жыл сайын туристік фирмалардың саны артып, сәйкесінше туризмдегі еңбекпен қамтылу үлесі өсуде. Қазақстанда туризм даму тенденциясының жағымды көріністеріне қарамастан, кейбір тежеуіш мәселелердің де бар екені айқын.*



Досжан БАЛАБЕКҰЛЫНЫҢ фотосы

Әлем бойынша туризм саласындағы кадрларды дайындауға ерекше назар аударылады. Сапалы туристік қызметпен қамтамасыз ету тікелей маманның кәсіби біліктілігіне байланысты, ал бұл дегеніміз менеджердің білімі мен қабілеті.

Әлемде туризм саласындағы мамандарды дайындау орталықтарының негізі XX ғасырдың басында қаланған. Туризм саласындағы мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындары саны жыл санап артып келеді. Қазақстанда туризм мамандығы бойынша кадрларды дайындау еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін нақтылап қолға алынды десек те болады. Ел аумағында туризм саласының кадрларын дайындайтын жоғары оқу орындарының алдыңғы қатары жасақталды. Солардың арасында орны бөлек, іргелі, еңсесі биік тұрған бұл – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі география және табиғатты пайдалану факультетінің рекреациялық география және туризм кафедрасы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің рекреациялық география және туризм кафедрасы – профессор, география ғылымдарының докторы Станислав Рамазанович Ердаулетовтің бастауымен 1996 жылдың желтоқсан айының 1 жұлдызы күні шаңырақ көтерген. Кафедра дүниеге келген күннен бастап, мұнда ұйымшыл ұжым қалыптасқан. Алғашқы күндерден-ақ кафедра, әлемдік шаруашылықтың негізі атанған туризм индустриясы үшін жоғары дәрежелі мамандар дайындауда.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі рекреациялық география және туризм кафедрасы – «Туризм» мамандығы бойынша халықаралық деңгейдегі магистратура және бакалаврлық білім бағдарламалары сапа көрсеткіштеріне сәйкес Бүкіләлемдік туристік ұйым сертификатына ие болған бірден-бір қазақстандық білім ордасы. Әлемдік білім беру кеңістігіне ену қадамдарының бастамасы 2012-2013 жылдар аралығындағы UNWTO TedQual білім бағдарламасы бойынша бакалавриат (5В090200-Туризм) және магистратура (6М090200-Туризм) мамандықтары бойынша халықаралық сертификациялаудан өту қадамынан басталған.

Аталмыш кафедра қазіргі таңда ғылым мен білім нарығында өзінің бәсекеге қабілеттілігін жоғары дәрежелі оқытушылар құрамы арқасында қамтамасыз етуде. Кафедра құрамында қызмет ететін ұстаздар қауымы – өз саласында тек Қазақстанда ғана емес, ТМД елдеріне де танымал мамандар.

Рекреациялық география және туризм кафедрасы заманауи оқу кабинеттерімен қамтылған бірегей материалдық-техникалық базаға ие. Олардың қатарын аудиториялар, компьютерлік кабинеттер, электронды брондау жүйесін үйретуге арналған арнайы жабдықталған компьютерлік кабинет, туризм кабинеті және туристік құралдар мен жабдықтарды сақтау қоймалары толықтырады.

Студенттердің білім алуына қажетті саналатын тек қана материалдық-техникалық базаны ұсынып қана қоймай, кафедра студенттерге шетелге оқу бағдарламаларымен қамтамасыз етеді. Кафедра көптеген шетелдік жоғары оқу орындарымен тұрақты түрдегі әріптестік қарым-қатынаста.

Студенттік өмірді әртүрлі студенттік ұйымдарсыз елестету мүмкін емес те шығар. Осы тұрғыда кафедра еншілігінде, тек кафедра ішінде ғана емес, университет қабырғасында ерекше бедел мен орынға ие студенттік клубтар мен үйірмелер бар. Олар: «ЖасТур» клубы, «Турист» үйірмесі, «PeopleSay» English Discussion club, «Экскурсоводтар» үйірмесі, «Демиург» үйірмесі. Аталмыш клубтар мен үйірмелердің барлығы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы белсенділіктерін арттыру, студенттік жобаларға қолдау көрсету, кәсіби біліктіліктерді тереңдету мақсаттарында жұмыс жасайды.

Студенттердің оқудан тыс өмірі де кафедра тарапынан қызықты да ұтымды ұйымдастырылған. Апта сайынғы демалыс күнгі жорықтар, белсенді демалыстар, тау шыңдарын бағындыру мен Алматы қаласы мен Алматы қаласы аумағындағы туристік нысандарға экскурсиялар, міне, бұлардың барлығы студенттерге уақыттарын қызықты өткізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың теориялық білімдерін тәжірибелік тұрғыда шыңдауларына көмектеседі.

Жыл сайын рекреациялық география және туризм кафедрасы қазақстандық «Туризм» мамандығында оқитын жастардың басын қосып, сәуір айының орта тұсында олимпиада ұйымдастыруды жақсы дәстүрге айналдырған.

Кафедра өзінің туризм саласындағы білім беру бағдарламаларын жыл санап жаңалау үстінде. Биылғы оқу жылының үлкен жаңалықтары – Туризм мамандығы бойынша PhD докторантура мен туризм мамандығы бойынша ғылым магистрлерін дайындайтын қазақ бөлімінің ашылып, өзінің алғашқы түлектерін қабылдауы болды.

Ал, жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде диагностикалық орталықтың ашылуы кафедра студенттерінің медициналық туризм бағытында тәжірибе жинауына салынған жаңа жол болды. Диагностикалық орталықтың салтанатты ашылуына орай рекреациялық география және туризм кафедрасының студенттері алғашқы таныстық кездесу өткізіп, диагностикалық орталықтың тыныс-тіршілігімен бірінші болып танысып қайтты.

Жоғарыда айтылған сөздердің қорытынды сарaптарын жасай отырып, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі рекреациялық география және туризм кафедрасы қазақстандық туризм саласындағы кадрлар дайындаудағы феномен деуге болады.

Ашылған сәттен бастап, қазақстандық туризм индустриясы саласына білікті де білімді менеджер түлектерді қанаттандырып келе жатқан алтын ұяның асқар асуы, алар белесі алда екені айқын.

**Сайран БАЯНДИНОВА,**
**Серікгүл ҚАЙРАТ**

# КУРАТОР-ЭДВАЙЗЕР – одна из форм воспитательной работы

***Организация воспитательной работы на кафедре географии, землеустройства и кадастра строится в соответствии с концепцией воспитательной работы университета и факультета.***

Многолетний опыт нашего вуза показывает, что кураторство – это незаменимая и эффективная система взаимодействия преподавателей и студентов. Она позволяет решать многие задачи, в том числе оказывать студентам помощь в учебе и других возникающих проблемах, передавать молодежи жизненный опыт, знания и традиции, оказывать определенное воздействие на их мировоззрение и поведение. Как нам представляется, конечной целью вузовского образования является подготовка высококвалифицированного специалиста, отвечающего всем современным требованиям, патриота и гражданина своей страны, высоконравственного, культурного человека, обладающего широкой эрудицией. Существенный вклад в решение этой задачи могут внести кураторы, т.к. именно кураторская работа наиболее органично сочетает в себе процессы обучения и воспитания.

Кафедра начинает работать со своими студентами с 1-го курса. Приняв группу, куратор доводит её до защиты диплома, а нередко поддерживает связи с выпускниками ещё долгие годы. Работа куратора является составной частью его педагогической деятельности и отражается в индивидуальных планах как внеаудиторная учебно-воспитательная работа. Также с помощью кураторских часов мы не только помогаем первокурсникам правильно сориентироваться в новой для них обстановке, но и стремимся к тому, чтобы студенты стали патриотами нашего университета, своего факультета и кафедры, впитали в себя богатые традиции вуза и отрасли.

Следует отметить, что у каждого нашего куратора свой подход к студентам, свои методы работы. По отзывам наших студентов, усилия кураторов находят отклик в их душах. И это, наверное, самая большая радость для куратора.

**К.Д. ДУЙСЕБАЕВА,**
*к.г.н., доцент кафедры географии, землеустройства и кадастра*

**Есеп және аудит кафедра меңгерушісінің орынбасары, PhD докторы Наталия Товма «Еуразиядағы үздік жас ғалым» халықаралық байқауының дипломымен марапатталды**

100 КІТАП

***Бердібек Соқпақбаев! Бұл есім бала кезімізден соншалық таныс, соншалық ыстық. Есейе келе оны балалар жазушысы ғана емес, қаламы мен оқырманына адал, ақиқат қағидасынан ешқашан айнымаған санаулы ғана саңлақтардың қатарына қостық.***



# Бала кезімізден таныс есім



Шындықты суреттеген туындысының бірі – «Өлгендер қайтып келмейді». Шығарманың атауы да ерекше, кесіп-пішіп айтылған бір ауыз сөйлем, автор өлген жанның ешқашан қайта оралмайтынын атап айтып, бір жағынан «жақын жандарыңды көзі жұмылмай тұрып бағала» десе, бір жағынан «көзің тіріде өкінбейтіндей тірлік жаса, қайта келмейсің» деп ескертетіндей. Расында да, өлгендер қайтып ортамызға келмейді... Біздіңше, қаламгердің өз туындысына бұлайша атау беруінің де бөлек әңгімеге арқау боларлықтай сыры бар.

Сондай-ақ, бұл шығарма жазушының соңғы көлемді туындысы деуге де болады. Қаламгердің замандасы, сырласы марқұм Баққожа Мұқайдың айтуынша: «Ол «Өлгендер қайтып келмейді» романынан кейін ештеңе жазған жоқ десе де болар еді. Бұл роман алғаш рет 1963 жылы «Жұлдыз» журналында жарық көрді. Цензураның өткір қайшысына түсіп, мықтап күзелген шығарма оқырман қолына 1966 жылы ғана тиді. Осы бір келеңсіз жағдай жазушының шығармашылық жұмысына аса ауыр кедергі жасады. Романды жазып біткенде Бекең қырыққа да толмаған екен. Кемеліне келіп, жан-жақты толысқан шағында жазудан «жеріп кетуі» суреткердің ішкі жауапкершілігінің күштілігін, азаматтық болмысының тазалығын танытатын негізгі фактор болса керек». Біздіңше де, Соқпақбаев шындықтан өзгені жаза алмағандықтан, ал ол өмір сүрген қоғамға шындық қажет болмағандықтан, қолынан қаламын тым ерте тастады.

«Бекең халқының басындағы қасіретті жалтақтамай жазды. Өкініштісі сол – аштық туралы көріністер, халықтың басынан өткен қасырет баяндалатын тұстардың барлығы қысқарып қала берген.» (Б.Мұқай). Демек, бұл туынды да қолымызға о баста жазылған алғашқы нұсқасында тимеген. Сол бір ауыр жылдардың тірі куәсі ретінде қаламгер бастан кешкендерін еш боямасыз сол қалпында сипаттаған, басқаша айтуға ары бармаған.

Туындының бас кейіпкері Еркін Мамырбаевтың басынан кешкендерін баяндай отырып, сол дәуірдің әлеуметтік-рухани суретін айнытпай салады. Әр кейіпкердің болмысын аша біліп, Бибісара ана, Қаныша, Ғалия, Нұрәлі, Ошақбай, т.б. бейнелерін ел басына күн туғанда адамшылығын сақтай алғандар мен оны жоғалтқандардың жағымды-жағымсыз қылықтарын қарсы қоя отырып шынайы сипаттайды. Еркіннің әрбір іс-әрекетін, оның себеп-салдарын, балалық шақтан азаматтыққа дейінгі өсу жолын толығымен көрсете отырып, соғыстан соңғы жылдардың көрінісін қаз-қалпында көз алдыңа әкеледі. Шығарманың көркемдігі – нанымдылығы мен қарапайымдылығында. Кез келген оқырманның қабылдауы мен талғамына жауап бере алатын жатық та шынайы, барынша өткір әрі нақты тіл кестесі, Соқпақбаевтың прозасына тән диалогтар мен қысқа қайырылған монологтар романды тартымды ете түседі. Қарабайыр емес, қарапайым жазатын қаламгердің ұлылығы да осында болса керек.

Жалпы, бұл туындыны оқи бастағанда қаламгердің «Сегіз жасымда шешем өліп, жетім қалдым. Колхоздастырудың алғашқы жылдары – ең бір қиын кез. Содан соңғы бастан кешкендерімді ойласам, осы күннің өзінде жүрегім қарс айырыла жаздайды. Япыр-ау, қалай тірі қалдым, осы күнге қалай жеттім?! Нағыз итжандының өзі екенмін-ау деп таңданам» деген сөздері еске түседі. Шығарманың автобиографиялық сипаты басым, шынайылығының да сыры осында болар. Қаршадайынан әділетсіздіктің соққысына қарсы тұра алған Еркіннің тағдыры Соқпақбаевтың тағдырына ұқсайды. Еркін – «соцреалимнің үлгілі кейіпкеріне» ұқсамайтын тентек кейіпкер, Бердібек те өз кейіпкері тәрізді «соцреализмнің қалыбына» сыймайтын асау қаламгер.

«Ойлау жүйесі стереотиптеніп, кеңес идеологиясының құлаққесті құлына айналған белсенділер үшін Б.Соқпақбаев «битке өкпелеп, тонын отқа жағып жүрген» біреу еді. Ол өзі қабылдай алмаған қоғам шындығының бәрін жасырып, бетіне күле қарайтын сайқал дүниеде барқадар таппасын біліп, жеке-дара аулақтанып шықты», – деген Б.Мұқайдың сөздері Соқпақбаев трагедиясын аша түседі. Ортамызға қайтып келмейтін ардақты қаламгердің бізге баяндап кеткен ащы шындығынан алатын сабағымыз көп-ақ.

**Ләйла МҰСАЛЫ,**
ф.ғ.к., доцент

# Шынайы туынды

Бердібек Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романы – тек балаларға ғана емес, күллі оқырман қауымға арналған шығарма. Қарапайым адамдардың қызық пен қиындыққа толы өмірі щынайылықпен өрілген. Жазушы өзі өмір сүрген заман келбетін барынша жан-жақты суреттеген. Тағдырдың тәлкегіне ұшырап, сұм өмірдің сынағына тап болып жатса да адам парасаттылығының, адами құндылықтардың жоғалмауы туындының негізгі тұтқасы іспеттес. Бес күндік жалғандағы жақындардың бір-біріне деген жаттығы, сонымен қатар сыйластық, мөлдір махаббат сынды ғаламат сезімдер романның өн бойына жан бітірген. Менің ойымша «Өлгендер қайтып келмейді» романы үлкен қызығушылықпен оқылады және ондағы кейіпкерлер, оқиғалар желісі – бәрімізге таныс өмір көріністері. Кітаптың қай бетін ашып қалсаң да, шебер суреттелген шынайы оқиғаларға тап боласың.

Бас кейіпкер Еркін Мамырбаев өмірдің талай қиын белестерінен өтсе де, көкірегіндегі үлкен арманын ешқашан өлтірмеген. Екінші рет түрмеден босап келгенде «Өшіп қалған үмітім қайта жанды, өліп қалған арманым қайта тірілді. Енді менде бір ғана ой, бір ғана мақсат, ол кету – Алматыға. КазПИ мен ҚазМУ-дің біріне оқуға түсу. Сөйтіп адам болу. Сонау сәби кезден бүйрегімнің бұрышында ең бір асылымдай ардақтап, сақтап келе жатқан ақын-жазушы болсам деген көкейтесті арманым бар емес пе? Соның соңына біржолата бел шешіп түсер кезім енді нақ келген сияқты» деп бірден арманының соңына түседі. Еркіннің осындай мойымайтын талапты, қажымайтын қайраттылығына таң боласың. Екі жылдық мұғалімдер институтына түскеннен кейін Еркіннің өмірі бір арнаға түскендей болып, алаңсыз оқу оқиды. Болашақ жары Зағипамен тағдыр қосып, алыстағы ауылға жас маман болып аттанады. Осы жақта кейіпкерді кезекті кедергілер мен қиындықтар тосып тұр еді. Бірақ біздің кейіпкеріміз шындық пен әділеттілік үшін күресуін мұнда да доғармайды. Мектептегі былық-шылықтарды, озбыр, мәдениетсіз мұғалімдерді сынап жазған «Манабаевтың масқара қылықтары» атты фельетоны үшін жұмысынан қуылады. Әділетсіздікке қарсы күрескенмен, бір-бірімен жең ұшынан жалғасып жатқан тоғышарлар бұның қадамын алға бастырмайды. Еркін үйін сатып, Алматыға кетеді.

«Тағы да Алматыдамыз. Қайда жүрсем де, Алматы мен үшін өз үйім, өлең төсегім сияқты». Еркін шығармашылық ортаға оралған соң жазумен айналысады. Бойындағы жазуға деген ерекше қабілетінің арқасында газет-журнал саласына ауысып, қызмет істейді.

Жалпы айтқанда, бұл туындының оқырманға берері мол, адамдар арасындағы жақсылық пен жамандықтың күресінен сабақ алуға шақыратын тәлімі бар, қазақ прозасында өзіндік орны бар роман болып табылады.

**Ақбота КЕНЖЕҚОЖАЕВА,**
*филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 2-курс студенті*

***РОМАННАН ҮЗІНДІ***

*Шұбарға түнде келіп түстік. Бізді қарсы алған ешкім жоқ. Біз танитын мұнда бір жан жоқ. Күндізгі қапырық ыстық қайтқан. Оңтүстіктің желең жүруге болатын жылы-жылы қоңыр кеші.*

*Поезд сәл кідірді де, ал енді қош болыңдар дегендей өңешін жыра бір айқайлап, кетіп қалды.*

*Вокзалдың күту залына кірдік. Адам аз. Пәлендей қауіп-қатер төнетін орын емес. Сонда да болса сақпын-ақ. Осындай жол жүрген кезде бір шоқып, екі қарау қажеттігін Зағипаға да қайталап айта берем. Өйткені, аузы күйген үріп ішеді дегендей, аузым талай жидіген. Ауылда аңқау өскендіктің салдарынан жылмақай ұры-қарыға талай рет оңай олжа болғаным бар. Бірде қалтамдағы ақша салған әмиянымнан, енді бірде дорба толы кепкен нанымнан, тағы бірде (түрмеде) аштықтан өліп-талып, әзер қолым жеткенде паек нанымнан айрылып, жігерім құм болып, зарлап қалған сормаңдай өзге емес, ен екенімді оқушы, сірә, ұмыта қоймаған да болар.*

*Менде әкесінің өші бардай ұры екең, маған талай ретауыз салған. Бүкіл өміріме ұмытылмастай сабақтар берген.*

*Біріміз чемодан мен буманы бауырымызға басып жатып, көз шырымын алғанда, енді біріміз қарауыл қараймыз. Вокзал басындағы түнді осылай өткердік.*

*Күн шығысымен ауа тағы ыси бастады. Вокзалдың маңайындағы тас төселген жерден былайғының бәрі толарсақтан шаң. Қурай, шөп, бұталардың бәріне сүлеленіп шаң қонған. Тиіп кетсең бұрқ ете қалады.*

*Бетті жүргізген әл–Фараби кітапханасының бас кітапханашы–менеджері Шынар МҰҚАШЕВА*

**В честь своего 15-летия и юбилея университета Профсоюз студентов «Сұңқар» учредил стипендии лучшим студентам**

# Студенттің алғашқы ФОТОЖИНАҒЫ



*ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде "Сұңқар" студенттер кәсіподағы" қоғамдық бірлестігінің қолдауымен баспа ісі және дизайн кафедрасының 4 курс студенті, "Фотоөнер" қоғамдық бірлестігінің мүшесі, "Қазақ университеті" газетінің дизайнері Досжан Балабекұлының ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойына орай "Қыр гүліндей жайнаған ҚазҰУ қызғалдақтары" атты - фотожинағының тұсаукесері өтті. Кадрға іліккен сексен сұлу университеттің ең білімді, ең ақылды әрі парасатты да ибалы қыздары және олар алғашқы фотожинаққа жарияланып отырған имидждік келбет. Бұл Досжанның фотоөнер саласындағы алғашқы еңбегі. Жас журналистің фотография саласына деген сүйіспеншілігі мен университетіне деген өзіндік үлесі сезілетін фотожинақ авторлық бояуы мен бабын көрсетеді. Сайып келгенде бұл, университет көлемінде алғашқылардың бірі болып бакалавриат студенті шығарып отырған фотожинақ.*




Журналистика факультетінің студенттік баспасөз орталығында өткен тұсаукесерге "Фотоөнер" қоғамдық бірлестігінің президенті Асылхан Абдраим, журналистика факультеті деканының ғылыми-инновациялық жөніндегі орынбасары Қарлыға Мысаева, М.Барманқұлов атындағы телерадиокешеннің директоры Молдахан Абдраев, баспа ісі және дизайн кафедрасы меңгерушісінің оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Бақыт Әсембаева, "Сұңқар" студенттер кәсіподағы" қоғамдық бірлестігінің төрайымы Айдана Сыдықовалар қатысты.

Тұсаукесерде алғы сөз алған журналистика факультеті деканының орынбасары Қарлыға Мысаева: "Кез келген ұстаз өзінің шәкіртімен мақтанады. Сондықтан да ең алдымен Досжанды факультет ұжымы атынан осындай үлкен табысымен құттықтаймыз. Фотография - қазақ журналистикасында өз орнын толығымен таба алмай келе жатқан саланың бірі. Сондықтан да бұл еңбек - осы саланы студенттер арасында жоғары қарай дамытуға жол салған ерекше туынды деп қабылдауға болады. Екіншіден, бұл еңбекке қуанған тағы бір сәтті айтқым келеді. Университетке келген шет елдік профессорлар студенттеріңіз қандай сұлу деп таң қалып жатады. Міне, соның тағы бір көрінісі. Демек, бұл кітап сол бағаны кітапқа басып отырған табандылық пен үлкен еңбектің көрінісі. ҚазҰУ қызғалдақтары көбейе берсін, қазақ қыздарының сұлулығы көрініс тапқан еңбектер көбейе түссін!", - деп өз пікірі мен тілегін жеткізді.

Ал, «ФОТОӨНЕР» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Асылхан Абдраим: "Фотография саласымен кез келген адам айналысады. Өйткені бұл сала қызықты және адамдардың өз қызығушылықтарымен дамып келе жатқан сала. Және осы саланың да өзіне тән жүйесі бар. Бүгін Досжан Балабекұлының портрет жанрына еңбек шығарғаны және алғашқы қадам бастағаны алда осы салада үлкен жетістіктерге жетеді деген алғашқы белгілерді байқатады. Портрет жанрын түсіру өте қиын сала. Ол адамның ішкі жан дүниесін көрсету керек. Ол үшін түсіретін адамда әдемілікті, сұлулықты байқайтын сезімталдық болуы керек. Кітапта берілген арулардың барлығы сондай талаппен таңдалып, сұлулықтарымен қоса, ақылды, білімді қыздар болғанымен таңдалып алынғандығы көрініс тапқан. Сол үшін мен алда сәттілік тілеймін, үлкен-үлкен еңбектері жариялана берсін!", - деп өз әсерімен және ұстаздық ақ тілегін білдірді.

"Қыр гүліндей жайнаған ҚазҰУ қызғалдақтары" атты - фотожинағының авторы Досжан Балабекұлы: "Фотография саласына біртабан жақын келуіме анам Жеңіскүлдің әсер бергенін жасыра алмаймын. Балалық шақтың өзінде жазу-сызумен қатар, бос уақы¬тымда табиғат көріністерін түсіріп, фото¬аппаратымды алып серуенге шығуды жа-ным сүйетін. Әуесқойлықтан туындаған сәл ғана өнердің ұшқыны шын мәнісінде – фотография әлемінің тылсым сырына бастап келе жатқандығын өзім де соңғы уақыттардан байқағаным рас. Қолдарыңызға ұстап отырған менің алғашқы шағын фотожинағым өзім білім алып жатқан қасиетті қарашаңы¬рақ – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық мерейтойы¬на арналып отыр. Жобаға алғаш ой тастаған "Қазақ университеті" газетінің бұрынғы фотосуретшісі Мамыржан Ботабеков ағамызды айтқым келеді. Бұл – төрт жыл бойы білім беріп келе жатқан ыстық ұяма түлеп ұшқалы отырған түлегіңнен бір сый болсын деген ақ ниеттен туындаған еңбек", - деді.

Фотожинақтың әлеуметтік қолдаушысы "Сұңқар" студенттер кәсіподағы" қоғамдық бірлестігінің төрайымы Айдана Сыдықова:"Авторды алғашқы кітабының тұсаукесерімен шын жүректен құттықтаймыз. "ҚазҰУ студенттері - Қазақстанның элитасы", - деп айтылатын үлкен мағыналы сөз бар. Сол сияқты, осы кітапқа ақылына көркі сай қыздар еніп отырғанына ерекше қуаныштымыз. Бұл Досжанның өте еңбекқор, ізденімпаз, шығармашыл екендігін айшықтайтын өмірдегі сәтінің баспаға, кітапқа айналған сәті болып отыр. "Сұңқарлықтар" Досжанға табыстар мен жетістіктер тілейді!", - деді.

Автордың ұстазы, баспа ісі және дизайн кафедрасының аға оқытушысы Бақыт Әсембаева: "Досжанды мектеп кезінен жақсы танимыз. Мектеп кезінен өзінің жеке журналы, газеті болды. Газеттерде жарияланған мақалаларының өзіне сан жетпейтін. Біз ұйымдастырған "Болашақ баспагер-редактор" байқауының жеңімпазы атанды. Біздің кафедраның ең белсенді студенті. Студент бола жүріп, бірінші курста жүріп "Баспагер" газетінің редакторы, 2-3 курста "Шуақ" жастар журналының бас редакторы сынды оқу -тәжірибелік басылымдарға басшылық жасай білді. Бүгін Досжан жеке өзінің алғашқы кітабын шығарып отырғанына кафедра ұжымы атынан шын ықылас-ниетімізді білдіреміз!",- деп ұстаздық пікірін ортаға жеткізді.

Сурет - үлкен өнер. Ол өнерді тану үшін үлкен қабілет керек, дарын керек. Бүгін университет шәкірті өз еңбегін ұстаздарына, достарына,



жалпы университетіне көрсетіп отыр. Соның өзі үлкен мәртебе, қуаныш, шаттық. Сондай-ақ, университеттік "Қазақ университеті" газеті редакторының міндетін атқарушы Әйгерім Әлімбекова ұжым атынан ақ тілегін жеткізіп, сый-сыяпаттарын табыс етті. Сондай-ақ, тұсаукесер рәсіміне келген студенттер авторға тілектерін білдіріп,ойларымен бөлісіп, сұрақтар қойды.

Фотожинақта автор баспа жұмысы ретінде саналатын фототілшінің, редактордың, техникалық редактордың, беттеуші дизайнердің қызметін бірге атқарды. Кітап "Сұңқар" студенттер кәсіподағы" қоғамдық бірлестігінің демеушілігімен Алматыдағы "Асыл кітап" баспаханасында басылды. Автор Фотожинақтың жарыққа шығуына демеушілік жасаған университеттік "Сұңқар" студенттер кәсіподағы" қоғамдық бірлестігіне өнер мен сұлулыққа және имидждік іске қамқор азаматтықтары үшін алғыс ерекше алғыс білдіреді. Досжан Балабекұлының бұл фотожинағы көңілдеріңізден шықса, бұл бастаманың өз мұратына жеткені.

**Қарлығаш МЕРГЕНБАЕВА,**
*баспа ісі және дизайн кафедрасының аға оқытушысы*




## ҚазҰУ профессоры Салтанбек Мұхамбетжановқа Ресей Жаратылыстану академиясының Г.В. Лейбниц атындағы медалі табыс етілді

# Гороскоп на 2015 год



## ОВЕН

Здоровье. Астрологический прогноз для Овнов в этом плане вполне позитивен. Некоторые риски, конечно, есть, но они невелики. Обратить внимание стоит на режим питания, на физические нагрузки.

***Карьера.*** Эта сторона жизни в 2015 году может для Овнов оказаться плодотворной и интересной. Правда, для этого придется все время держать себя в тонусе и не допускать формального отношения к своим рабочим обязанностям. Впрочем, если лень все же одолевает, что ж... Значит, так тому и быть. Ведь нужно же иногда давать себе и передышку. А что Овны упустят в 2015 году, наверстают в следующем.

***Финансы.*** С деньгами в год синей деревянной Козы у Овнов проблем особых не возникнет. У них будет основной источник доходов, весной может появиться еще и дополнительный. К тому же, время от времени некоторые суммы могут просто неожиданно сваливаться на голову. Скажем, это может быть старый долг или что-нибудь еще.

## ТЕЛЕЦ

Здоровье. В год синей деревянной Козы Тельцов мало что будет беспокоить. Есть только 2 возможных источника проблем – суставы и пищеварительная система. Что касается суставов, то достаточно будет не игнорировать боль, которая может в них возникать, и своевременно обращаться к специалистам. А состояние печени желательно проверить пару раз в год. Этого окажется достаточно, чтобы выявить вероятные нарушения.

***Карьера.*** В плане карьеры гороскоп на 2015 год для Тельцов идеален. Их усилия будут оцениваться более чем адекватно, и результаты своих трудов они смогут наблюдать очень скоро. А те, кто не станет сожалеть о переработках, спокойно отнесется к отпуску в неудобное время, проявят тактичность к коллегам и руководству, могут рассчитывать на очень большой успех.

***Финансы.*** Материальное благосостояние Тельцов в год синей деревянной Козы окажется вполне удовлетворительным. Правда, миллиона они не заработают, однако решать свои насущные проблемы смогут своевременно и удовлетворительно. И при этом им не придется особенно ущемлять близких в тратах или опасаться за завтрашний день.

## БЛИЗНЕЦЫ

***Здоровье.*** С самого начала года Близнецам нужно обратить особое внимание на распределение своего времени. Иначе они будут то переутомляться, то, напротив, позволяя себе длительный отдых, медленно включаться в нормальный рабочий ритм. А кроме этого, желательно не увлекаться самолечением, иначе даже обычная простуда может превратиться для них в источник серьезных проблем.

***Карьера.*** В профессиональной сфере астрологический гороскоп для Близнецов не предвещает ничего экстраординарного. От них будет требоваться среднее количество усилий, от которого они получат средний результат. Некоторым, впрочем, удастся найти работу, о которой обычно в шутку говорят «солдат спит, а служба идет». Но в любом случае большинство Близнецов удовлетворятся сложившейся ситуацией и переключат свое внимание на другие стороны своей жизни.

***Финансы.*** Деньгами Близнецы в год синей деревянной Козы обижены не будут. Но им все время будет хотеться потратить больше, чем они могут себе позволить. И только когда они сообразят, что свои расходы нужно планировать, ситуация с финансами сразу выровняется.

## РАК

***Здоровье.*** Раки в 2015 году будут чувствовать себя отлично. Побольше свежего воздуха, полноценный сон – вот, пожалуй, и все рекомендации. Большинство из них даже сезонные простуды обойдут стороной.

***Карьера.*** В профессиональном плане все Раки разделятся на 2 части: для первой из них карьера станет целью и смыслом, для второй она не будет иметь никакого значения вообще. В итоге довольны останутся все. Одни из Раков в конце года будут иметь возможность пожать богатые плоды своих усилий, другие, потратив время на самоанализ и самосовершенствование, разберутся с приоритетами, научатся планировать свое время и контролировать эмоции. А это, согласитесь, немало.

***Финансы.*** Астрологический гороскоп для Раков предупреждает: бытовая техника и вообще предметы домашнего обихода нуждаются в осторожной и аккуратной эксплуатации. Почему этот вопрос возникает именно в связи с финансами? Да потому что поломки, замыкания, утечки воды и прочее будут дорого обходиться семейным бюджетам Раков. Но кто предупрежден, тот вооружен, не так ли? К тому же, радует то, что подобного рода проблемы локальны, и уже к середине осени можно будет расслабиться.

## ЛЕВ

***Здоровье.*** В год синей деревянной Козы Львам желательно задуматься о необходимости здорового образа жизни. Выражение это уже оскомину набило, однако здесь оно отнюдь не пустой звук, тем более что Львы даже от явных симптомов и признаков недомоганий будут склонны отмахиваться. Кроме этого, представителям этого созвездия следует по возможности избегать пластических операций.

***Карьера.*** Гороскоп на 2015год для Львов прогнозирует значительный успех для представителей бизнеса и опасность влияния человеческого фактора для всех, кто по роду деятельности связан с большим количеством разношерстной публики. Но это предупреждение нужно правильно понять. То есть Львам не следует остерегаться каждого нового знакомого, а просто быть внимательными, чтобы отсекать нечистых на руку хитрецов, а также людей бестолковых и недальновидных.

***Финансы.*** В 2015 году звезды предрекают Львам успех в операциях с недвижимостью и прочими капиталовложениями. Для того же, чтобы любая из них проходила, что называется, без сучка и задоринки, желательно ограничить себя в мелких и ненужных тратах. Еще один совет – не давать в долг, поскольку шанс своевременно получить назад ссуженную сумму крайне мал.

## ДЕВА

***Здоровье.*** Никаких серьезных проблем гороскоп для Дев не предсказывает. Им достаточно соблюдения общепринятых правил относительного здорового питания, физических нагрузок и т.п. Есть, впрочем, один фактор риска – самолеты. Авиаперелетов с апреля по октябрь желательно избежать.

***Карьера.*** В год Козы Девы должны, невзирая ни на что, идти собственным путем. Вокруг них наверняка будут плестись интриги, их могут преследовать клеветники... Но нужно набраться терпения и добросовестно исполнять рабочие обязанности. В том случае есть все основания рассчитывать, что 2015 год станет хорошей стартовой площадкой для покорения будущих карьерных вершин.

***Финансы***. Недостатка в деньгах Девы в 2015 году испытывать не будут. Единственное, что может вызвать небольшие затруднения – сбор необходимой суммы для отпуска. Однако и это не выбьет Дев из колеи материального благополучия.

## ВЕСЫ

***Здоровье.*** Единственный фактор риска в год Козы у Весов – нервная система. Причина тому – излишняя впечатлительность. Пусть Весы помнят о том, что ничто не стоит их здоровья, и поберегут себя. В остальном особенных поводов для беспокойства у них не возникнет.

***Карьера.*** 2015 год станет удачным для Весов-предпринимателей. Им все будет удаваться легко, и они сумеют создать себе славу людей пробивных, расторопных, смелых. Представители других профессий вряд ли сумеют достичь вершины своей карьеры. Но зато и напрягаться им особенно не придется. Да и, к тому же, это позволит им обращать большее внимание на другие стороны своей жизни.

***Финансы.*** Тратить свои деньги Весы в год синей деревянной Козы будут разумно и интересно. Возможно, им даже удастся сделать кое-какие раритетные приобретения. Приветствуются и капиталовложения в собственный бизнес. Единственное, чего делать не стоит, так это хвастать своими финансовыми успехами, иначе это привлечет к Весам внимание людей, не брезгующих переступить закон с целью легкой наживы.

## СКОРПИОН

***Здоровье.*** Свое здоровье Скорпионы сумеют не только беречь, но и приумножить. Кое-кому из них удастся избавиться от вредных привычек. Кто-то в серьез задумается о здоровом питании и начнет воплощать эту идею в жизнь, наглядно демонстрируя окружающим позитивный ее эффект. Кроме того, многие Скорпионы не поленятся уделить должное внимание диагностике своего организма, и это позволит некоторым из них пресечь на корню серьезные недомогания.

***Карьера.*** 2015 год станет для Скорпионов временем собирать камни. Усилия их, приложенные в году 2014-м, наконец, материализуются в виде результатов, а ошибки, допущенные тогда же, проблемами, которые придется решать не откладывая. На новые проекты сил останется немного, однако кое-что Скорпионы в год синей деревянной Козы успеют. Так что задел на будущее все-таки состоится.

***Финансы.*** Гороскоп на 2015 год для Скорпионов не предсказывает им никаких особых проблем. Они будут своевременно получать ожидаемые поступления в бюджет, у них не возникнет нужды брать деньги в долг. И многие из Скорпионов даже сумеют сделать кое-какие сбережения.

## СТРЕЛЕЦ

***Здоровье.*** Астрологический прогноз для Стрельцов обещает им нормальный год без форс-мажоров и сложностей. Конечно, желательно не злоупотреблять фаст-фудами, не лениться совершать пешие прогулки на свежем воздухе, не доводить себя до хронических переутомлений. Но это, пожалуй, и все рекомендации.

***Карьера.*** Энергии для профессиональных свершений у Стрельцов в год синей деревянной Козы будет предостаточно. И это очень кстати, потому что перспективы карьерного роста возникнут перед большинством из них. Особенно «урожайной» в этом плане станет весна. Однако к работе все же желательно подходить с позиций здравого смысла и не взваливать на свои плечи больше, чем нужно (лучше делать чуть меньше, но лучше).

***Финансы.*** Деньгами Стрельцы в 2015 году обижены не будут. Но из-за щедрости и страсти к одариванию в их карманах порой будет, что называется, ветер гулять. Впрочем, из этого положения выбраться многим из них все-таки удастся. Некоторых из них спасет неожиданное, но очень выгодное финансовое предложение. А кто-то будет время от времени получать определенные суммы от поклонников (поклонниц).

## КОЗЕРОГ

***Здоровье.*** Потенциала здоровья Козерогам в год деревянной Козы вполне достанет и на профессиональную деятельность, и на личную жизнь, и на все остальное. Правда, если кто-то из них столкнется с недомоганиями или с симптомами какой-нибудь болезни, то желательно не пускать их на самотек. В этом случае избавиться от проблемы можно будет без последствий.

***Карьера.*** Астрологический гороскоп для Козерогов в плане карьеры предсказывает им хорошие шансы выдвинуться. Многим из них поручат дело более ответственное, чем раньше. А некоторые Козероги займутся разработкой и реализацией собственного нового проекта.

***Финансы.*** Хоть год Козы для Козерогов и не станет временем заоблачных заработков и доходов, однако им удастся заложить основу будущего финансового успеха. У разных Козерогов этот успех тоже будет разным, но довольны им впоследствии окажутся все.

## ВОДОЛЕЙ

***Здоровье.*** В год Козы у Водолеев есть 2 фактора риска, связанных со здоровьем: иммунная система и желудок. Поэтому даже тем из них, кто не чувствует никаких недомоганий, желательно пройти соответствующие обследования. Если окажется, что проблемы все-таки существуют, то это позволит своевременно решить их. В остальном все будет в полном порядке.

***Карьера.*** Астрологический прогноз для Водолеев предсказывает им хорошие условия для демонстрации своих талантов. И те из них, кого не одолеет лень-матушка, сумеют очень неплохо реализовать себя. А кроме того, кое-кто из Водолеев в конце весны или летом получит интересное предложение от человека, который будет в состоянии обеспечить им и вовсе идеальные условия для самореализации.

***Финансы.*** Заработки у Водолеев в 2015 году окажутся вполне удовлетворительными. Это будет особенно ощутимо по сравнению с несколько проблематичными прошлыми годами. У многих Водолеев возникнет возможность отправиться на работу за границу. А еще звезды дают всем Водолея совет не ввязываться в мероприятия, связанные с любыми противозаконными действиями, потому что очень велика вероятность быть наказанными за это.

## РЫБЫ

***Здоровье.*** Гороскоп для Рыб относительно здоровья оптимистичен и не предрекает им никаких особых проблем. Но Рыбы сумеют найти для себя проблему сами и начнут решать ее настойчиво и неустанно. Касается она лишних килограммов и похудения. Слово «диета» войдет в постоянный лексикон представителей этого знака. И нужно отметить, что многим из них действительно удастся поправить свою фигуру.

***Карьера.*** Рядовые сотрудники-Рыбы проживут 2015 год спокойно. Ничего экстраординарного в их рабочих буднях не будет, но при этом эти будни и в рутину не превратятся. Больше того, кое-кому из Рыб даже предложат повышение. Рыбам-руководителям будет посложнее, но они вполне удовлетворительно справятся и с конкуренцией, и с проверками, и со всем прочим.

***Финансы.*** В год синей деревянной Козы Рыбы будут уделять немалое время вопросам повышения личного благосостояния. Кто-то попытается сделать это, подыскав работу за границей, кто-то задумается о смене сферы своей профессиональной деятельности. И те из Рыб, кто не остановится на полпути, впоследствии действительно сумеют стать более независимыми в финансовом плане.

*Құрметті ҚазҰУ оқытушылары, қызметкерлері және студенттер!*

*Сіздерді келе жатқан 2015 жаңа жылдарыңызбен құттықтаймыз. Көңілдеріңіз үстем, еңбектеріңіз табысты және шығармашылықтарыңыз жемісті болсын. Әр шаңыраққа бақыт, денderіңізге саулық тілейміз. 2015 жыл берекелі де табысты жыл болсын деген тілек айтамыз!*



*Құрметпен,*
*«Қазақ университеті» газетінің редакциясы және Баспасөз қызметі*

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
**kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында терілді, беттелді. "Гамма-принт" баспаханасында (Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30,247-98-31

**Бағасы келісім бойынша.**
**Таралымы 1000 дана.**
**Тапсырыс №1621**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.